

## БӨЛІМ: ҰБТ

## ҰБТ - өмір соңы емес

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.07.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/140872/

*Біз сүріп жатқан өмір жолы түрлі сынақтардан құралған. Әрбірімізде әртүрлі. Алайда бүкіл түлектердің бастан кешетін жайты — ҰБТ. Кейбіреуін қуантса, кейбіреуін жылатар ...*

Әрине, ең алдымен осы эмоциялардың қайсысын бастан кешетініміз, тікелей өзімізге байланысты. Іс-әрекетіңнің жемісін, нәтижеден көресің. Кейбір болашақ студенттер “грантқа” ұмтылу жолында тынбай еңбектенеді. Соңғы финиш — армандарының орындалуына әкеледі. Яғни грант иегері атанып, қалаған оқу-орындарында оқиды. Ал ендігі екінші типке жататындар: ҰБТ-ны маңызды нәрсе ретінде қабылдамағандар. Жеке басым өзімді қай типке жатқызу керек екенін білмеймін. Дайындалдым, еңбектендім, алайда өзімді психологиялық тұрғыдан дайындау барысында, ҰБТ-ны маңызды нәрсе деп қабылдамауды ұйғардым. Бәлкім барлық мәселенің түйіні де, осы болар. Өз ҰБТ жолыма тоқтала кетсем, 11 сынып басында, мен тек ағылшын курстарына ғана барып жүрдім. Сол кездері ҰБТ мен үшін ешқандай маңызға ие болған емес. Себебі, мені сол кездері қызықтырғаны, тек шетелдегі оқу еді. Алайда, 11 сыныптың қараша айы менің ойымды түбегейлі өзгертті. Бұған түрткі болғаны — психологпен айтылған, жан дүние сырын ақтарған әңгіме. Сол әңгімелесуден соң түсінгенім, мен шын мәнінде өз елімнен жыраққа кетуге психологиялық тұрғыдан әлі дайын еместігім. Өзім үшін дұрысы деп, Қазақстанда қалуды шештім. Дереу арада курстарға жазылдым. Достық білім алу орталығы, мен үшін тек сапалы білім ғана емес, қызықты, теңдесі жоқ ұмытпас естеліктер сыйлады. Бейіндік пәндерімнен жоғарғы баллдар ала бастадым. Алайда мені сүріндіргені, математикадан өте әлсіз едім. Таңдау пәндерімді біршама рет ауыстырып, кемем біршама адасып жүрді. ГеоМаттан, ГеоАғылшынға ауыстым. Дегенмен, қанша қиын болса да, математикаға тоқталуды ұйғардым. Сөйтіп, қаңтар, наурыз ҰБТ-ларынан жеткілікті 80-90 баллдар шамасында алып жүрдім. Математика 14, максимум 17 баллға әзер жететін. Күні — түні грант ҰБТ-ға дайындалумен болдым. Бірақ кейбір сәттерде ештеңеге зауқым соқпай, ештеңе істемей, шындықтан қашып кеткім келетін. Осылайша, сабақты бірнеше апталар бойы оқымай кеттім. Қазір өкінетінім — мүмкіндікке берілген әрбір уақытты бағалауым керек еді ... 02.06.2023. 1-ші ҰБТ сәті. Қобалжу сынды эмоциялар бойымды жаулап алды. Көп балл алуды армандадым,

алайда іштей жеткіліксіз дайындалғанымды сезіп тұрдым. 4 сағат көзді ашып-жұмғанша өтті де , кетті. Соңғы шешуші сәтте жинаған ұпайларымды көруді ұйғардым. 86 балл. Иә ,бұл балл аз емес , алайда мен үшін грантқа мүлдем жеткіліксіз. Дегенмен , сол сәтте алда әлі тағы бір мүмкіндігім тұрғанындықтан , аса бір алаңдамадым. Екінші ҰБТ-да бұдан көп балл жинаймын деген едім мен сол кезде ... Екі ҰБТ арасы бір ай шамасы еді. Дайындалған күн мен түндерім өте берді. “Выпускной” кешім де өтті де , кетті. Бір аптадан соң екінші ҰБТ да келіп жетті. Жоғарғы балл алудан үміттенген мен , сол төрт қабырғалы ғимараттан , ата-анамның маған деген сенімдерін ақтай алмадым — деген өкінішпен шықтым. Екінші жолғы ҰБТ-дан төрт баллға кем жинадым, яғни 82. Ең қызығы мен сол жолғы ҰБТ-ны тапсырған ең соңғы түлек болдым. Яғни уақыт аяқталуына 1 минут қалғанда ғана , “аяқтау” тетігін бастым. Бойымды өкініш сезімдері жаулап алды. Алайда стресске берілмедім. Өйткені , жанымнан мені ештеңеге қарамастан қолдайтын жандар , ең бірінші ата-анам , сосын жан достарым табылды. ҰБТ өмір соңы еместігіне сендірді. Олардың қолдауларының арқасында аса бір қынжылмадым. Дегенмен , ішкі жан-дүниемдегі ата — ана алдындағы өкініш сезімдері , әлі де кетер емес. Шынымды айтсам , қазір не істерімді де , білмеймін. Қай университетке құжаттарымды тапсыратыным да маған беймәлім. 86 , 82 деген баллдармен ГеоМат саласында грант ұтып алу мүмкін бе ? Бұл сәтте тек бақ шабама , бап шабама ... Арман болған СДУ-ым да, тек арман болып қалды. Ішімде әлі де болсын , бір үміт оты жанып тұрғандай. Білмеймін , бірақ та барлығы реттеледі — деген сенімдемін. Иә , қазіргі таңда менен де , басқа қанша түлектер сүрінді , құлады. Айтатын бір шама сөзім: ҰБТ расында да , өмір соңы емес. Өз — өздеріңе қамқор болыңдар ! Міне , осылайша ҰБТ оқиғасы да , өз мәресіне жетті ...

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.